

№ 11 ХАТТАМА

Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі №29 А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«27» тамыз 2022 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2021 жылғы 10 ақпанындағы тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №66-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссиямен Әйтеке би көшесі, 29А мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

Күн тәртібі: Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурстық комиссияға қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Н.Ж.Уразбаев – Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор
Төраға орынбасары: Ж.Н.Базартай – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Комиссия мүшелері:

Н.К.Рабатова – Бас есепші

С.М.Ильясова – Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің басшысы

А.Ш.Шыңғысбаев – Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисі

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А 216 кабинет.

1. Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Инвестиция бағасы	Жалға алу бағасы
1	ЖК «Жубаткановна»	25.08.2021 ж, 09:45	5 000 000 (бес миллион) теңге	160 000 (жүз алпыс мың) теңге
2	ЖК «Ким Марина»	26.08.2022 ж, 09:21	9 765 000 (тоғыз миллион жеті жүз алпыс мың) теңге	150 000 (жүз елу мың) теңге
3	ЖК «Қанат»	26.08.2022 ж, 09:54	330 000 (үш жүз отыз мың) теңге	140 000 (жүз қырық мың) теңге

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

Н.Ж.Уразбаев: Конкурстық комиссия «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.2 тармағына сәйкес өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ең көп дауыс жинаған және баға ұсынысында ең көп соманы ұсынған сонымен қатар объектіні жалға алудың тиімді

шарттарын ұсынған әлеуетті қатысушы жеңімпаз болып танылатындығын түсіндірді және ұсынылған конкурстық өтінімдерді қарауды бастау ұсынылды.

А.Ш.Шыңғысбаев:

Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қарау барысында ЖК «Жубаткановна» бойынша жалдау құны жылына – 1 920 000 теңгені, 7 жылға 13 440 000 теңгені құраса, инвестиция бағасымен алғанда ЖК «Жубаткановна» - ның университетке түсіретін пайдасы – 18 440 000 теңгені құрайтынын айтты.

ЖК «Ким Марина» - ның жалдау құнына ұсынып отырған бағасы жылына 1 800 000 теңге, 7 жылға 12 600 000 теңгені құраса, инвестиция бағасымен алғанда ЖК «Ким Марина» - ның университетке түсіретін пайдасы – 22 365 000 теңгені құрап отыр.

ЖК «Қанат» бойынша жалдау құны жылына – 1 680 000 теңге, 7 жылға 11 760 000 теңгені құраса, инвестиция бағасымен алғанда ЖК «Қанат» - тың университетке түсіретін пайдасы – 12 090 000 теңгені құрайды.

Жоғарыда көрсетілген қатысушылардың арасында асханаға өз қаражаты есебінен күрделі жұмыстар жүргізуге инвестиция ұсынысымен жалдау құнының бағасын қосқанда жоғары ЖК «Ким Марина»-ны қолдауды ұсынды.

Ж.Н.Базартай:

Университетте білім алушылардың тамақтануына қолайлы, қол-жетімді жағдай жасау мақсатында өтінім берушілердің ас мәзіріндегі тағамдар бағаларын айтып өтті.

ЖК «Жубаткановна»-ның ас мәзіріндегі бірінші ыстық тағамдар 400 грамм мөлшерде 380 теңгені құраса, екінші тағамдар 400 грамм мөлшерде 500 теңгені құрайды.

ЖК «Ким Марина»-ның ас мәзіріндегі бірінші ыстық тағамдар 350 грамм мөлшерде 300 теңгені, екінші ыстық тағамдар 350 грамм мөлшерде 500 теңгені құрайтынын айтты.

ЖК «Қанат»-тың ас мәзірінде бірінші ыстық тағамдар 480 теңгені, екінші ыстық тағамдар 550 теңгені құрап отыр.

Н.К.Рабатова: Ұсынысты толықтай қолдайтынын атап өтті.

С.М.Ильясова: Ұсынысты қолдайтындығы айтылды.

Н.Ж.Уразбаев: Ұсыныс негізді екендігін, ұсынысты қолдайтындығын айтты.

№	Қатысушының атауы	Келісім шарт мерзімі	Инвестиция бағасы	Жалға алу бағасы	Жалпы сомасы
1	ЖК «Жубаткановна»	7 жыл	5 000 000 (бес миллион) теңге	160 000 (жүз алпыс мың) теңге	18 440 000 (он сегіз миллион төрт жүз қырық мың) теңге
2	ЖК «Ким Марина»	7 жыл	9 765 000 (тоғыз миллион жеті жүз алпыс мың) теңге	150 000 (жүз елу мың) теңге	22 365 000 (жиырма екі миллион үш жүз алпыс бес мың) теңге

Комиссия ШЕШТІ:

1) Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі, №29А орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның бас оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурсы бойынша жеңімпаз: ЖК «Ким Марина», екінші орын алған әлеуетті қатысушы ЖК «Жубаткановна».

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2023 жылдың 30 маусымға дейін жасалсын. (Ұсынылған инвестиция орындалған кезде шарттың мерзімін 2029 жылдың желтоқсан айына дейін ұзарту мүмкіндігі қарастырылсын).

3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап - 5 дауыс

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

Комиссия төрағасы:



Н.Ж.Уразбаев

Төраға орынбасары:



Ж.Н. Базарбай

Комиссия мүшелері:



Н.К. Рабатова



С.М.Ильясова



А.Ш.Шыңғысбаев

Комиссия хатшысы:



Г.М.Тұрар